

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКА»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдарының жинағы



Алматы, 2014

Сейдімханова Т.Б. «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнін оқыту арқылы студенттердің сөйлеу шеберлігін арттыру жолдары	138
Тайженова Д. Қазақ әдеби тілі – өміршен тіл	142
Тасымов А. Диалектологияның кейбір мәселелері	146
Әлімтаева Л.Т., Тұрсын Ш.К. БАҚ-тағы компаративтіліктің салыстырмалы дәрежесі	148
Шыныбекова А.К., Нұртазина А.Ө. Ұғымдар атауын ұлт тілінде қалыптастыру мәселелері	154

II- СЕКЦИЯ
ТІЛДІ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Абдуова Б.С. Қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі жүйе мен инновациялы технологиялар сабақтастығы	164
Ақымбек С.Ш. Орфоэпиялық нормалардың негізгі принциптерін меңгерту жолдары	170
Әміров Ә.Ж. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің әдістемелік ерекшеліктері	176
Егізбаева Н.Ж., Рамазанова Ш.Ә. Жана оқыту технологияларын жазылым әрекетінде қолдану	183
Ештаева Н.А., Халенова А.Р. Жоғарғы оқу орнында жобалық әдіс тұлғаға бағытталған технология ретінде	187
Жұмағұлова А.Ж. «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының кейбір ерекшеліктері	193
Жусанбаева С.Б. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі және педагогикалық техника	201
Иманалиева Ғ.Қ. Интербелсенді оқыту әдістері - бүгінгі күн талабы	205
Иманқұлова С.М. Білім беру жүйесіндегі тілді меңгерту әдістерін саралау	213
Күркебаев К. Мемлекеттік тілді меңгертудегі коммуникативтік құзырет түрлерінің ролі	219
Қарабаева Х.Ә. Тілдік қарым-қатынас – ғылым, білім, кәсіби машық және қоғамдық тұрақтылық кепілі	224
Мұхамбетұлы Серік. Студенттер бойындағы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру	227
Омарова Б.А., Оқулықтар – кәсіби тілді үйретудің маңызды құралы	232
Өмірбекова Р.Қ., Аширова А. Заманауи білім беру үдерісінің басты талабы – кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту	239
Рысбай Б.Қ. Мәтінді мамандықпен байланыстыра оқытудың тиімді жақтары	242
Саткенова Ж.Б. Тілдік талдау ұстанымдарының әдістемелік сипаты	247
Шакирова Д. Тілді үйретудегі мәдениаралық қатысымның маңыздылығы	253
Шыныбекова А.К. Зан саласында кәсіби сөздерді оқыту және аудару мәселелері	256

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ҚАЗІРГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА: КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Әлкебаева Д., ф.ғ.д., ҚазҰУ-дың профессоры

Функционалды грамматиканың ғылыми негізінің қалануына әр кезеңдігі ғылыми ойлар мен тұжырымдар өз нәтижесін беріп отырды. Атап айтқанда А.А. Потеняның «тілді зерттеудің грамматикалық концепциялары», В.В. Фортунатовтың «тілді функционалды тұрғыдан зерттеу, тіл және оның функциясы қоршаған ортамен байланыс арқылы қарастырылады», А.А.Шахматовтың «сөздегі ойлау тәсілдері» деген ғылыми тұжырымдары функционалды грамматиканы зерттеудің алғышарттарын жасады [1. 2.3]. Жалпы грамматиканы зерттеу белгілі уақыттарда тұйықталған шеңбер аясынан аса алмады. Сондықтан тілде кең қолданылатын сөйлеу контекстеріне назар аудармастан құрылымдық және жүйелік заңдылықтарға балама сипаттама табудың мүмкін еместігі айқын болды. Тіршіліктің табиғи ортасы – сөйлеу қызметіне ешқандай ауыртпалықсыз еніп, тілді әлеуметтік және жеке жағдайлардан дербес етіп, белгісіз бір абстрактілік феномен ретінде қарастыра отырып, құрылымдық лингвистика саласы жасанды дерексіз, ойша жору құрылымына түсіп кетуге тәуекел еткен еді. Осыған байланысты тіл феноменін екі түрлі көзқарас тұрғысынан, интерпретацияның жинақталған түрлі тәсілдері мен әдістерінің нәтижесінде белгілі бір объектінің кейбір белгісіз жақтарын тереңірек анықтайтын аралас көзқарас тұрғысынан қарау қажеттігі күннен күнге айқындала түсті. Зерттеушілер функционалды грамматика саласын қарастырудың жана міндеттері алға қойылғандығын үлкен жауапкершілікпен қабылдады.

Жалпы функционалды грамматиканың ұғымдары мен категорияларын шартты түрде үлкен екі топқа бөліп қарастыру керек. Олар – кеңістік пен уақыт ұғымдары. Сондықтан ең алдымен жалпы уақыт және кеңістік ұғымдарының мәнін ашып алу керек. Өйткені функционалды грамматиканың барлық ұғымдары философиялық озық ой-танымдардың жемісі ретінде осы ғылым саласының концептуалды жүйелігіне негізделген болатын.

2. Гальскова, Н.Д., Гез, Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр "Академия", 2006. –336 с.

Резюме

В статье рассматриваются виды коммуникативный компетенций как основа изучения языка.

ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – ҒЫЛЫМ, БІЛІМ, КӘСІБИ МАШЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Қарабаева Х.Ә., қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тірек сөздер: қазақ тіл білімі, қазақ тілі, тілдік қарым-қатынас, сөз мәдениеті, термин, тіл саясаты.

Ғылыми зерттеу және әдістемелік жұмыстар нәтижесінде қазақ тіл білімі терминдерінің қатары толығып, жаңа пән сөздері қолданысқа енуде. Мәселен, қазіргі қазақ қоғамындағы тіл саясаты, соған сәйкес қазақ тілінің қолданбалы мақсатта оқып-үйретілуі тілдің коммуникативтік ерекшеліктері мен сипаттарын айқындап беретін ұғым атауларының қалыптасуына жол ашты. Әрине бұл бағыттағы ізденістер бүгін ғана басталмағандығы белгілі. ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап қазақ тілінің әдеби тілі, қазақ мәдениетінің құрамдас бөлігі, ұлттық құндылығы ретінде қарастырылып, кейінірек «Қазақ тілінің мәдениеті» дербес пән ретінде іргесі қалана бастады. Тіл мәдениеті деген ұғымның мәні «Сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік» деп түсіндірілді [1; 3]. Ғылыми ортаға әдеби тіл, әдеби тіл нормалары, тілдік норма, сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті, сөз қолдану, тілдік құрал, сөздің дәлдігі, сөздің логикалығы, сөздің тазалығы, сөз мәнері, сөздің мәнерлігі, сөздің қисындылығы, сөз қолдану, сөз байлығы [1] және т.б. терминдер еніп, сіңісе бастады. Қалыптасқан терминдер қазақ тіл білімі мамандарының еңбектерінен орын алып, бір қатары арнайы сөздіктерге енді.

Қазіргі таңда аталған терминдер қатары сөз мәдениеті, сөз әдебі, тілдік қарым-қатынас, тілдік қатынас, тілдік жағдай, ауызша тілдік қатынас, жазбаша тілдік қатынас, дыбыстық тілдік қатынас, таңбалық тілдік қатынас, тілсіз қатынас, тілдік орта, тілдік құзыреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, қатысымдық тұлға, сөйлесім тілі, сөйлеу тілі, сөз қолданыс, коммуникативтік норма, онтологиялық норма, қатысым әдісі, тіл экологиясы, тілдік басқыншылық және т.б. терминдермен толығуда.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде тілдік қарым-қатынас ұғымы жаңа сапалық мәнге ие болып отыр. Бұл жағымды құбылыстың негізінде экстралингвистикалық себеп бар. Атап айтқанда, ҚР-дың тіл саясаты, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуі, оның қоғам өмірінде ерекше маңызға ие болуы. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиялық Жолдауында білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары деп көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда білім мен кәсіби машық кепілі – тілдік қарым-қатынастың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы. Себебі тілдік қарым-қатынас «... тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, ... адамзаттың тіл арқылы сөйлесім әрекетін менгеруі, ... қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [2, 229-230].

Осы тұрғыдан алғанда «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнінің жоғары оқу орындарының қазақ және орыс бөлімдерінде жаппай оқытылуы болашақ маманның тілдік тұлға ретінде қалыптасып, кәсіби деңгейде мемлекеттік тілді менгеру машығын жетілдіре түсуіне мүмкіндік береді. Сондықтан тілдік қарым-қатынас негіздері арнайы курстарда оқыту өзекті. Сөз мәдениеті мен тілдік қарым-қатынастың өзара байланысы. ерекшелік сипаттары қазақ тіл білімінің келелі теориялық саласы ретінде жаңа қырынан танылып, соны бағытта зерттеле бастады. Бастапқыда сөз мәдениетінің мәселелері тілдік-нормативтік тұрғыда қаралса, соңғы жылдары аталған ұғымның коммуникативтік аспектісіне, оның этикалық нормалармен байланысына ғалымдар (Н.Уәли, Ф.Оразбаева, З.Ерназарова, Д.Әлкебаева және т.б.) тарапынан жіті назар аударылуда. Тілдік тұлға сөз мәдениеті пәнінің

негізгі субъектісіне, түпқазығына айналып отыр. Сондықтан «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнінің гуманитарлық (әсіресе филологиялық) әрі жаратылыстану мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарында оқытылуының білім алушылар үшін заманауи маңызы зор. Атап айтқанда аталған пән білім алушылар үшін:

1) аталған ғылыми бағыттың ерекшеліктерімен, зерттеу тәсілдерімен және оның ғылыми нәтижелерімен танысып, филологиялық ғылыми ізденістерді жалғастыруға және кәсіби біліктілікті жұмыс барысында, практикада қолдануға мүмкіндік береді;

2) қазақ халқының ұлттық мәдениетінде, заманауи қоғамда қалыптасқан тілдік, коммуникативтік, этикалық нормалар мен эстетикалық принциптерді танып білуге жол ашады; тілдік тұлға - ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы, сондықтан оларға тілдік таңбаның екі түрлі мағынасын: тілдік және мәдени кодін танып, екі түрлі мәнділікті ажырата білуге мүмкіндік береді; білім алушыға лингвистикалық құзірет, коммуникативтік құзірет, сондай-ақ мәдени-тілдік құзіретті игертеді;

3) игерілген тілдік біліктілік, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятының (ситуацияның) ерекшелігіне сай талғап, таңдап қолдануға, сол арқылы коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуді ұйымдастыруға көмектеседі.

4) аударма, тіл үйрету, көркем мәтінге талдау жасау, сөздік құрастыру барысында тілдік таңбаның грамматика, лексика-стилистикалық мағыналарымен бірге ондағы мәдени ақпараттарды түсініп, қолдануға дағдыландырады.

5) тілдік қарым-қатынасқа түсу барысында мәдени-әлеуметтік стереотиптерді білу, аялық білімнің жеткілікті болуы болашақ маманның, азаматтың қоғам өмірінің кез келген саласында өзін жатсынбай, еркін сезінуіне, бәсекеге қабілетті болуына жол ашады, себебі қазіргі қазақ қоғамында азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесі біркелкі емес. Қазақстанда туып-өскен азаматтарды айтпағанда, шетелдерден атамекенге оралған қазақтар тіліндегі айырмашылықтардың олардың қоғам өміріне белсенді араласуы барысында елеулі кедергі болмауына көмектеседі.

Қорыта келгенде «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнін оқыту - Қазақстан-2050» Стратегиясында атап көрсетілген өркениет құндылықтарының дағдарысы деп көрсетілген XXI

ғасырдың жаһандық сын-қатерінен қазақтың ұлттық тілі мен мәдениетін сақтауға, оны жалпы адамзат өркениетінің жемісі ретінде даралай отырып, сақтауға және дамытуға мүмкінді беретін шаралардың бірі. Сол арқылы қазақ мәдениеті мен тіліне қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңызды қадамдарының бірі іске асырылады. Қазақстандықтардың татулығы мен келісімін нығайтып, басын біріктіретін мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мәңгілік ел тіліне айналуына қомақты үлес қосылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2013.
2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. – Алматы, 2009.
2. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007.

Резюме

В этой статье рассматриваются языковые контакты – наука, знание, профессиональные навыки и гарантия общественной стабильности.

СТУДЕНТТЕР БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мұхамбетұлы С.,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тірек сөздер: ұлттық ұғым, ұлттық сана, ұлттық тәрбие, ұлттың жан дүниесі, ұлттық құндылықтар, ұлттық ойлау жүйесін жетілдіру, табиғат поэзиясы, табиғатты қорғау, адам және табиғат, Атамекен, Атақоныс, Атажұрт, туған жер мен адам, кіндік кеске жұрт, туған топырақты тұмар ету

Білім атаулының бәрі бірдей біліктілікке бастайды деу күпіршілік, білім мен біліктің арасы көк пен жердей екенін ескертіп отыру – күнделікті қажеттілік. Ойда да, қырда да саудагерлікті сары алтынға балап, саудагерлерді төрдің төбесіне шығарып жатқан қоғамда ұлттық құндылықтарды қарама-қарсы қойып, бәсекеге қабілеттілік туындату